

БАСПАСӨЗ МӘЛІМДЕМЕСІ

Алматы қ.

07 шілде 2021 жыл

KASE деривативтер нарығында SPECTRA жаңа сауда-клирингтік жүйесін іске қосады

2021 жылдың 07 шілдесінде "Қазақстан қор биржасы" АҚ (KASE немесе Биржа) деривативтер нарығын SPECTRA жаңа сауда-клирингтік жүйесіне (ТҚЖ) көшіруді жүзеге асырады. Жаңа жүйені "Мәскеу биржасы" КАҚ (MOEX) әзірленді және Қазақстан нарығына бейімделген.

Жобаны мақсаты:

- жоғары сенімділік пен өнімділікті қамтамасыз ететін жүйе негізінде туынды қаржы құралдары нарығын қайта іске қосу;
- деривативтер нарығында мәмілелерді орындау кепілдіктерінің жүйесін жетілдіру;
- қаржы активтерін пайдалану тиімділігін арттыру және нарыққа қатысушылардың транзакциялық шығындарын азайту.

Аталған технологиялар туынды қаржы құралдарымен сауда-саттықта оң тәжірибесі бар MOEX алаңында қолданылатынын ескере отырып, жаңа жүйені енгізу шетелдік және бірінші кезекте ресейлік нарық қатысушыларын тартуға ықпал ететін болады.

SPECTRA СКЖ-де сауда-саттыққа туынды қаржы құралдары: АҚШ долларына фьючерстік келісімшарттар, KASE Индексіне және базалық активті жеткізусіз акциялардың белгілі бір атауларына қолжетімді болады. Болашақта Биржа фьючерстер желісін басқа негізгі активтерге кеңейтуді, сондай-ақ опциондарды енгізуді жоспарлап отыр, бұл сенімді және жоғары өнімді жүйе негізінде қатысушылардың кең тобының мүдделерін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Жаңа ТҚЖ сауда-саттық терминалының неғұрлым кеңейтілген функционалының болуы бөлігінде нарыққа қатысушылардың мүмкіндіктерін, сондай-ақ қазіргі заманғы жылдам әрекет ететін хаттамалардың көмегімен қатысушылардың ішкі сауда-саттық және есепке алу жүйелерінің ТҚЖ SPECTRA қосылу мүмкіндігін арттырады.

SPECTRA сауда-саттық жүйесінде туынды қаржы құралдарымен сауданы реттеу, сондай-ақ клиринг, есеп айырысу және осы нарықта орталық контрагенттің функцияларын орындау ережелерін белгілеу үшін 2021 жылдың 07 шілдесінен бастап KASE бірқатар ішкі құжаттарға өзгерістер енгізеді.

KASE IT-модернизациясы Биржаның 2019-2021 жж. даму стратегиясының негізгі бағыты болып табылады. SPECTRA ТҚЖ іске қосылуы Биржаның барлық нарықтарындағы ақпараттық жүйелерді MOEX сауда-саттық технологияларына ауыстыру процесін аяқтайды.

Анықтама үшін

"Қазақстан қор биржасы" АҚ (KASE) Орталық Азия өңіріндегі жетекші қор биржасы болып табылады. KASE бағалы қағаздармен сауда-саттық көлемі бойынша ТМД биржаларының арасында екінші орынды және FEAS биржаларының акциялар нарығын капиталдандыру деңгейі бойынша бесінші орынды алады.

Бұл корпоративтік және мемлекеттік бағалы қағаздар, халықаралық қаржы институттарының облигациялары, шетелдік валюталар, ақша нарығының операциялары – репо және своп, сондай-ақ туынды құралдар үшін әмбебап сауда-саттық алаңы. KASE халықаралық биржалар Федерациясының (WFE), Еуро-Азиялық қор биржалары Федерациясының (FEAS) және басқа да халықаралық және отандық кәсіби бірлестіктердің мүшесі, сондай-ақ БҰҰ "Тұрақты даму үшін қор биржалары" бастамасының қатысушысы болып табылады.

Қосымша ақпарат: +7 (727) 237 5342, pr@kase.kz.